

Тіркелген салықтың бірыңғай ставкалары туралы

Күші жойғал

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 2011 жылғы 5 желтоқсандағы N 39/2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 9 қаңтарда N 13-12-140 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 2018 жылғы 12 наурыздағы № 21/7 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 12.03.2018 № 21/7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" № 99-IV Кодексінің 422-бабына (Салық кодексі) сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Тимирязев ауданының аумағында қызмет ететін барлық салық төлеушілер үшін тіркелген салықтың бірыңғай ставкалары белгіленсін.

2. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
XXXIX сессия төрағасы
Е. Коканов*

*Аудандық мәслихаттың
хатшысы
Ғ. Шаяхметов*

КЕЛІСІЛДІ

2011 жылғы 2 желтоқсан

"Тимирязев ауданы бойынша

салық басқармасы" мемлекеттік

мекемесінің бастығы

А. Сүтемгенов

Аудандық мәслихаттың
2011 жылғы 5 желтоқсандағы № 39/2
шешіміне қосымша

Тіркелген салықтың бірыңғай ставкалары

№	Кәсіпкерлік қызметтің түрі	Салық салу объектісінің бірлігіне мөлшерлемелердің 1 айлық мөлшері (айлық есептік көрсеткіштерінде)
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	1

2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1
4	Ойын жолы	5
5	Карт	2
6	Бильярд үстелі	3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК